

2022 жылға арналған Глубокое ауданы бойынша шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемесін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық мәслихатының 2022 жылғы 23 маусымдағы № 21/5-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 30 маусымда № 28648 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-10-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Глубокое аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Глубокое ауданы бойынша туристерді орналастыру орындарында шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемесі 2022 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін қоса алғанда – келу құнынан 0 (нөл) пайыз болып бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Глубокое аудандық мәслихатының хатшысы

А. Калигожин